

АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНААУРУ ТУҒЫЗУЫ МҮМКІН БЕ?

АПВ-ға қарсы вакцинаның құрамында тірі вирустар жоқ.

Вакцинаның құрамында ағзаға түскенде иммунитетті белсендіретін жекелеген вирус ақуыздары бар. Өз кезегінде, иммундық жүйе жасушаларымен астам папилломасы вирусымен күресуге бағытталған антиденелерді өндіріледі. Осыған байланысты, вакцина обырды тудыруға қабілетсіз. вакцина обырды тудыруға қабілетсіз.

АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ӘЙЕЛ АҒЗАСЫНЫҢ РЕПРОДУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІНЕ БЫҚПАЛ ЕТЕ АЛА МА?

АПВ-ға қарсы вакцина әйелдердің репродуктивтік қызметіне ықпал етпейді және бедеулікке әкелуі еш мүмкін емес, ол әлемнің дамыған елдерінде көп жылдық клиникалық зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Бұл - клиникалық дәлелденген бір де бір дерек болмаса да, қоғамда белсенді қауесеттік қарқынмен таралып кеткен жаңылыс пікірлердің бірі

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН ҚАНДАЙ САЛДАР БОЛУЫ МҮМКІН?

Вакцина салғаннан кейін инъекция орнының ауырсынуы, қызаруы және/немесе ісінуі бас ауыру немесе болмашы қызба сияқты ағзаның жеңіл түрдегі реакциясы болуы мүмкін. Олар, әдетте, бірнеше сағаттан бір күнге дейін созылады.

АПВ ауруына қарсы алғашқы вакцина 2006 жылдан бастап пайда болған бүкіл әлемде 100 миллионнан астам адамға екі егілген, осы мақсатта вакцинаның 270 миллионнан астам дозасы пайдаланылды, бұл күрделі теріс реакциялар тудырмады.

ҚАНДАЙ ВАКЦИНА БОЛАДЫ ҚР-ДА АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ЖАСАУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

АПВ 6, 11, 16, 18 – 4 типінен қорғайтын 4-валентті вакцина болады;



БІЗ ЕҢ КӨП ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕ АЛДЫҚ ДЕП ҰМІТТЕНЕМІЗ.

БІРАҚ, ЕГЕР СІЗДЕ КҮМӘНІҢІЗ ҚАЛСА СІЗ ӘРҚАШАН ВАКЦИНАЦИЯ БОЙЫНША 7701 ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІНЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛА АЛАСЫЗ НЕМЕСЕ EGU.KZ САЙТЫН ҚАРАУҒА БОЛАДЫ

ҚЫЗДАРЫМЫЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ТЕК ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА!

#ВакциналарӘрекетЕтуде
#БіздіңБалаларымыздыҚорғаймыз
#АПВ туралы нақты дереккөздері



Ministry of
healthcare of the
Republic of Kazakhstan



World Health
Organization
European Region



Co-funded by
the European Union



АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

АТА-АНАЛАР МЕН ҚАМҚОРШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ



ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫН
БІРГЕ ЖОЯМЫЗ

ҚЫЗДАРЫМЫЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА


Бұл жарияланымды еуропалық одақ бірлесіп қаржыландырды. Оның мазмұнына тек ддсү жауапты және ол міндетті түрде еуропалық одақтың көзқарасын білдірмейді.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!



Біз сіздің назарыңызды сіздердің қыздарыңыз үшін адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинациялау қажеттілігіне аударғымыз келеді

Мүмкін, сіз қазір ата-аналармен АПВ-ға қарсы вакцинация туралы сұхбат құруға жеткілікті түрде сенімді, әрі дайын емес шығарсыз. Сіздің ұсынылған ақпаратпен танысып шыққан соң ата-аналарға АПВ, жатыр мойны обыры және вакцинация туралы айтып бере аласыз деп үміттенеміз.



АПВ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Адам папилломасы вирусы – бұл теріні және дененің әртүрлі бөліктерінің шырышты қабықтарын зақымдайтын вирустар тобы.

АПВ ВИРУСЫ ҚАНДАЙ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ?

Вирус жылдам таралуға қабілетті, қатерлі ісікті өзгеруге әкелетін қоздырғышқа айнала отырып, соның салдарынан, қатерлі ісік дамытуымен қауіпті.

ЖЫЛ САЙЫН ҚАЗАҚСТАНДА

жатыр мойны обырының жуық жаңа жағдайлары тіркеледі,

1900

600-ден астам әйел бір жылда осы патологиядан көз жұмады.

Біздің елімізде жатыр мойны обыры барлық жастағы әйелдер арасында сүт безінің обырынан кейінгі кең таралған обырдың екінші түрі болып табылады.

АПВ ВИРУСЫ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

АПВ вирусы адамнан адамға келесі жолдармен беріледі:

ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНАСУ ЖОЛЫМЕН

АПВ қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар арқылы берілуі мүмкін. Вирус ылғалды ортада тез таралады, **сондықтан қоғамдық орындарға – сауналарға, моншаларға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барғанда өзіңізді ұқыпты ұстағаныңыз дұрыс.**



ЖЫНЫС ЖОЛЫМЕН

Вирустардың онкогенді типтері жыныстық жолмен берілгенде жыныс мүшелері аймағында орналасатын ұшы сүйір сүйелдерді тудырады.

ТІКЕЛей ЖОЛМЕН ТУУ КЕЗІНДЕ

Вирус анадан сәбиге оның босануы жолдарымен өту кезінде беріледі. Сүйелдер көбіне нәрестелерде өмірінің алғашқы жылдарында ауызда немесе теріде пайда болады.



ӨЗІНЕ-ӨЗІ ЖҰҚТЫРУ ЖОЛЫ

АПВ қырыну немесе эпиляция кезінде дененің бір бөлігінен екінші бөлігіне жиі ауысады.

АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАНЫ ЕНГІЗУ

Бүгінгі таңда АПВ емдеу жолы жоқ, алдын алудың бірден бір әдісі – бұл вакцинация. **Жатыр мойны обырының (ЖМО) дамуына әйелдің АПВ инфекциясын жұқтыруы себеп болатыны ғылыми дәлелденген.**

Адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцина **15 жылдан астам** уақыт бойы пайдаланылады және **Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанды қоса алғанда, дүниежүзінің 135 мемлекеттерінде жасалынады.**

✓ 2024 жылғы күзден бастап Қазақстанда 11 жасар қыз балаларға АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізілетін болады.

✓ АПВ-ға қарсы вакцина мектептерде немесе тіркелген мекенжайы бойынша емханаларда екпе кабинеттері арқылы тегін негізде қолжетімді.

✓ Вакцинация қарсы көрсетілімдер болмаса, дәрігердің қарап тексеруінен кейін ата-аналарының немесе қамқоршыларының хабарланған ақпараттандырылған келісімімен жүргізіледі.

✓ АПВ-ға қарсы вакцина дельта тәрізді иық бұлшықетіне бұлшықет ішіне енгізіледі.

✓ Вакцинация қарсы көрсетілімдер болмаса, дәрігердің қарап тексеруінен кейін 6 ай аралықпен екі рет жүргізіледі.

✓ АПВ-ға қарсы вакциналар иммунитеті әлсіреген адамдар үшін қауіпсіз.

